

ШАРАПАТ ⁶⁺

Балаларға арналған рухани-танымдық журнал

1/2020



Бәйге!

Сонынан еремін!

Салынып тұрған жануарлар қалай аталады? Алғашқы әріптерін жаттап алып, берілген кестенің ішінен сызып таста. Қалған әріптерден қандай сөз шығады?

ЖАҒЫРЫНҒАН СӨЗ

И	П	М	Б	И	М	А	П	М	П
М	П	Т	И	П	Ы	И	М	Л	М
П	И	М	Д	М	И	М	Ы	И	М
М	П	П	И	П	Қ	М	И	П	М

Маған адамдардың осы қасиеті ұнайды. Менде сондай болғым келеді.

Қане, Арман, мен әріптерді сызып тастаймын, ал сен сөзді оқып шығасың.

Суретін салған Рустам СЕРЖАНОВ



КІЕЛІ КІТАП ЖҰМБАҚТАРЫ

Сенім МЕНДИКОВА

1.

Сұрақтары өте көп еді, Исаға түнде келеді. Көктен туылу керек деп, Иса жауабын береді. Ал ендеше халайық, Ой жүгіртіп қарайық. Жалғыз келген Исаға, Дін басшыны табайық.

2.

Бойы аласа сол үшін, Талға шығып алыпты. Исаны көру арманы, Осы бір іске барыпты. Тездетіп төмен түседі, Мейірімге толды жүрегі. Бар байлығын таратқан, Салықшыны кім біледі?


3.

Асығыстау шешімнің, Күмәнімді айтайын. Жетпейді күшің де, Түріңнен байқаймын. Ғолиаттай алыппен, Шықпаған жөн болар. Дегенді: Кімге айтты? Кім дұрыс табалар?

4.

Жастай жесір қалды да, Енесінен қалмай ереді. Қамқорлық жасап енеге, Мойынсұнумен келеді. Біраз жылдар өткен соң, Дәуіттің әжесі атанды. Табындаршы балалар, Кім Құдайдан бата алды?

Есектер өздерінің ұрпақтарына тиіскен немесе тым жақын қамшықтықта тұрған кішкентай жыртықшы аңдарға өте батыл әрі сергек тұрде қарсы шыға аламынын, сен білесің бе? Олар тек өздерін сана емес, жақын маңында жайылып жүрген жануарларды да қорғайды, сол себепті көбінесе қой, ешкілерді баққанда қолданады.



Суретін салған Ирина ПОМЕРАНЦЕВА



“Үлкен Жетіқарақшыға” ертмен мініп

Эльмира
МИРАСОВА

1-тарау

Кешқұрым қонақтар тараған соң Жандос өзінің туған күніне тартылған сыйлықтарды қарап отыр. Жаңа коньки, дистанционды басқарғышы бар тікұшақ, үш қорап жаңа «Лего» конструкторлары, жаңа MP-3 плейер – бір сөзбен айтқанда, есепсіз байлық! «Фифа» логотипі бар тостаған мен жеңсіз көйлек! «Динозавлар» энциклопедиясы мен бір түсініксіз ұзын қап...

– Мұны маған Маржан сыйлады ғой деймін. Мұнда не бар екен, ә? – деді Жандос қапты ашып жатып.

Онда жіңішке етіп оралған жұлдызды аспан картасы бар болып шықты.

– Сонымен... – деді ол ерекше сыйлықты қарап отырып. Жандос астрономияға аса қызықпайтын. Тіпті, оны жақтырмайтын десе де болады. Ол мұндай ғылымның бар екенін алғаш бірінші сыныпқа барғанда білген болатын.

Жандос сол бір кешті есіне алды. Оның бесінші сыныпта оқитын ағасы Марат география сабағындағы жұлдызды аспан туралы баяндаманы тыңдаған соң, бұл туралы інісіне айтпақ болды. Марат Жандосты балконға алып шығып, Жетіқарақшы туралы айта бастады:

– Әне! Сабы ұзын ожауға ұқсайды!

Ол Жандостың басын ұстап алып, сол жұлдызға қарай бұрды.

– Қандай ожау? – деп жыламсырады Жандос.

– Анам күнде таңертең ботқаны ыдысқа сондай ожаумен салады! – деп шыдамсыздана жауап берді Марат.

Бірақ Жандос қанша тырысса да, не Үлкен Жетіқарақшыны, не Кіші Жетіқарақшыны көре алмады. Аспанда бір-біріне еш байланысы жоқ жұлдыздар көп еді. Жандосты анасы құтқарып қалды, әйтпесе өміріндегі алғашқы астрономия сабағында Марат оның басын жұлып алар еді.

Ал мына картадан Жандос сол ожауды бірден таныды. Ол картаны еденге жайып алып, жұлдыздарды қызығушылықпен зерттей бастады.

– Міне, Үлкен Жетіқарақшы!
Ал мынау кішісі. Дәл сондай


ожау, бірақ кішірек. Мәссаған! Темірқазық жұлдызы неткен жарық! Ол Кіші Жетіқарақшының құрамында екен! Ал мынау ше?! Тазы Шоқжұлдызы! Ал мынау – Аққу Шоқжұлдызы! Қызық, мұнда тағы не бар екен? Мынау Керік шоқжұлдызы ғой! Ал мынау, ой, қызығы ай! Мынау Шыбын шоқжұлдызы ғой!



Оның даусының қатты-қатты шыққанын естіген анасы жүгіріп келді:

– Жандос, не болып қалды?

– Анашым, маған мынау аспан картасын сыйлады! Мұндағы шоқжұлдыздар сондай қызық екен! Қарашы, мұнда, тіпті, Сорғы шоқжұлдызы да бар екен!

– Мүмкін емес! – деп анасы Жандостың жа-





нына отырды. – Шынымен, Сорғы. Мынау Микроскоп... Жарайды, кеш болып кетті, балам. Қалғанын ертең қараймыз...

Жандос тісін тазалап, төсекке жатты, бірақ ғажайып сыйлық оның ойынан кетпеді. Ол ақырын жарықты қосып, қайтадан картадағы шоқжұлдыздарды зерттей бастады. Кенет оның ойына солардың біразын болса да аспаннан іздеп табу туралы тамаша ой келді. Ол ас үй арқылы ақырын балконға шықты. Дала қараңғы, ал аспанда бірде-бір жұлдыз жоқ. Төменде шамдар жанып тұр, қар ұлпалары шамдарды айналып түсіп жатыр. Жандос қапалана күрсінді де, ұйықтауға кетті.

Әдетте ол түрлі-түсті, қызықты түстер көретін. Ал сол түні оның түстері ерекше көркем болды. Түсінде Маржан ұзын сабы бар ожаумен балконнан сүт төгіп: «Қара, Жандос, бұл – Құс Жолы», – деп

айтып жатыр екен. Сонда Жандос балконнан аққан сүттің жерге емес, аспанға қарай төгіліп, шексіз жұлдызды жолға айналып жатқанын көріпті. «Ал мынау, Үлкен Жетіқарақшы, Жандос, – деді Маржан. – Отыр, оны ерттеп мініп алайық!» Сөйтіп, Жандос Үлкен Жетіқарақшыға, ал Маржан Кіші Жетіқарақшыға мінеді. «Мен Үлкен Жетіқарақшыны таптым!» – деп Жандос төменнен оларға шамның жарығымен қарап тұрған Маратқа айқайлап, қолын бұлғап жатыр.

Ұйқыдан ояңған соң, Жандос ең алдымен Маржанға телефон соқты. Оған ерекше сыйлығы үшін алғыс айтып, түнде көрген түсін баяндаған соң:

- Шынымен жұлдыздарға ұшып барып, олармен жақынырақ таныссақ керемет болар еді! – деп қосты.
- Ұшып баруға уәде бере алмаймын, ал жақынырақ танысуға болады, – деп

жұмбақтап сөйледі Маржан.

- Сонда қалай? – деп қызыға сұрады Жандос.
 - Мен сенбі күні ата-анаммен бірге саяжайға барамын. Бізбен бірге жүр, саған бірдеңе көрсетемін.
 - Саяжайға ма? Қазір қыс қой! – деп бұқпайлады Жандос.
 - Онда отынмен жанатын нағыз пеш бар. Біз Жаңа жылды сонда қарсы аламыз. Ауладағы шыршаға ілінген ойыншықтар мен шамдар да сол күйі тұр.
 - Жақсы. Шақырғаныңа рақмет. Анам жіберсе, қуана-қуана барамын. Шаңғымды ала барайын ба?
 - Қажеті жоқ, онда шаңғы да, шана да бар... өзің бәрін көресің ғой, – деп күліп жіберді Маржан.
 - Нені көресің дейсің, Маржан. Сен тағы да сол әдетіңе бастың ба? Бірдеңені айтам дейсің, ал мен оның не екенін біле алмай дал боламын! – деп дауыстады Жандос телефон тұтқасына.
- Бірақ ол телефон тұтқасынан тек үзік-үзік дыбысты ғана естіді.



Назар аударамыз! Бәйге!

«Жұлдызды аспанға саяхат» алты бөлімнен тұратын кішкентай әңгіме. Әр бөлімнің соңғы жағында сен орындай алатын тапсырмалар болады. Соңғы бөлімдегі тапсырмаға жауабын жазған кезде, маған **БАРЛЫҚ** жауаптарды почта арқылы жібер. Дұрыс жауаптарды алғашқы болып жіберген 10 оқырман сыйлық алады.

1 тапсырма

1. Темірқазық жұлдызы қай шоқжұлдызда орналасқан?
2. Киелі кітаптағы шифрланған аятты шеш. Оны жаз және жаттап ал.



А - ☆	Е - ☾	М - ★	С - ☉	Ы - ☼
Ә - ✨	Й - ●	Н - ☾	Т - ☽	І - ●
Ғ - ☉	Қ - ●	Ң - ☼	Ұ - ○	
Д - ★	Л - ●	П - ☾	Ш - ☾	



Суретін салған
Рустам СЕРЖАНОВ

Рут пен Орпа

Болат ҚАҺАРМАН

Киелі кітап баяндайтындай, көне заманда Исраилді билер басқарған. Құдай Исраил халқын шабуылдаған жаулардан құтқару үшін, сондай-ақ, басқа да маңызды сұрақтарды шешу үшін оларға көмектесіп отырған. Алайда Исраил халқы билерді тыңдамайтын, Құдайдан қорықпайтын, жалған тәңірлер мен жансыз мүсіндерге табынатын. Сондықтан Құдай кейде исраилдіктерді құрғақшылықпен жазалайтын.

Мен бүгін сіздерге айтпақ болып отырған оқиға да осы жазадан басталады.



Суретін салған Лариса ГОРОШКО

Бетлехемде, Яһуда жерінде бір отбасы тұратын. Күйеуінің аты Елімәлік, ал әйелінің аты Нағима, ұлдары – Махлон мен Хилион. Яһуда жерінде аштық басталды. Елімәлік әйелімен және екі ұлымен бірге көрші Моаб еліне аттанды. Біраз уақыттан соң олардың ұлдары өздеріне сол жерден әйел алды. Бірінің аты Рут, ал екіншісі Орпа болатын. Екеуі де жалған тәңірлерге табынатын халықтан шыққан.

Тағы біраз уақыт өтті, алдымен Елімәлік, содан соң оның екі ұлы да қайтыс болды. Нағима бөтен елде, жалған тәңірлерге табынушылардың арасында жалғыз қалды. Сонда ол туған жеріне, өз халқына оралуды шешті. Заттарын жинап, жолға шықты. Келіндері де онымен бірге шықты. Қаладан шыққанда, Нағима келіндеріне: «Ал енді, сендер әке-шешелеріңнің үйлеріне қайтыңдар. Менің өзіме, марқұм ұлдарыма адал да мейірімді болып келдіңдер. Лайым сендерге сол үшін Жаратқан Ие рақымын түсіре көрсін!» - деді.



Келіндері қатты қапаланып, жылап, енесімен қоштасқылары келмеді. Дегенмен, олардың бірі – Орпа қош айтысып, кетіп қалды. Нағима Рутқа: «Көрдің ғой, абысының ел-жұртына және сиынатын тәңірлеріне қайта оралды. Сен де оның ізімен кері қайтсаңшы», – деді. «Сізді тастап, қайта оралуға мені қинай көрмеңіз. Сіз қайда барсаңыз, мен де сонда барамын. Қайда тұрсаңыз, мен де сонда тұрамын. Сіздің халқыңыз менің халқым, сіздің Құдайыңыз менің Құдайым болады!» – деп тұрып алды.

Руттың өзімен бірге жүруге белді бекем бұғанына көзі жеткен соң, Нағима оны әрі қарай үгіттеуін доғарды. Көп жыл бұрын Нағима күйеуімен, ұлдарымен бірге тастап кетіп, бөтен елге аттанған Бетлехем қаласына жеткенше жүре берді. Нағима қалаға кіргенде, бүкіл қаланы сабырсыздық басты. «Бұл Нағима ғой! – деді адамдар. – Нағима қайтып келді!»

Нағиманың келініне беретін ештеңесі жоқ еді. Жесір әйел мүлде кедей болып қалған болатын. Алайда исраилдіктердің бір заңы кедей әрі аш адамдарға өнім жинау науқанында орақшылардан қалған масақтарды жинауға құқық беретін. Сондықтан Рутқа бай адамдардың алқаптарына барып, орақшылардан қалған масақтарды жинауға тура келді. Дәл сол уақыт арпа жинайтын кез болатын.

Түс кезінде жұмыстың қалай жүріп жатқанын көруге келген алқап иесі орақшыларынан: «Мына жас әйел кім?» – деп сұрады. «Бұл Рут, Нағиманың моабтық келіні», – деп жауап берді олар. «Оған көбірек масақ қалдырыңыздар! – деп бұйырды алқап иесі Боғоз. – Үйіне құрқол оралмауы үшін баудан алып, көп-көптен тастап отырыңдар». Боғоз Нағиманың алыс туысы еді. Ол Руттың енесіне қандай мейірім көрсеткені жайында естіген болатын.

Бір сөзбен айтқанда, Боғоз жас Рутты ұнатты. Олар бір-бірін сүйіп қалып, көп ұзамай Исраил халқының барлық салт-дәстүрлері мен ережелеріне сай той жасады. Рут моабтық еді,

ал енді оның отаны, отбасы мен Құдайы бар, өйткені ол Нағиманың Құдайы, Исраилдің Құдайы енді оның Құдайы болды.

Қалай ойлайсың?

1. Исраилдің патшалары жоқ кезде оны кім басқарды?
2. Елімәлік пен оның отбасы аштық кезінде аттанған ел қалай аталады?
3. Қалай ойлайсың, Құдай Рутты неліктен жарылқады?

Киелі кітапта оның атымен аталған кітап бар. Соны тауып алып, оқып шық. Ол кітап өте қызық.

БАТЫЛАЫҚ ЖАЙЫНАА

Болат ҚАҺАРМАН

Кішкентай кезімде анам кейде мені жұмысына апаратын. Ол теміржолда жол бұрушы болып жұмыс істейтін. Алыс даладағы теміржол екіге айырылатын немесе бірігетін. Сондай жерлерде жол бұрушылардың үйшіктері тұратын. Оларға қоңырау шалып, сілтемені қай жаққа бұру керектігін айтып отыратын. Сонда олар сілтемені қай жаққа бұрса, пойыз сол жаққа кететін.

Қазір бұл автоматты түрде жасалады. Басқарма компьютер арқылы жүргізіледі. Ал бұрынғы кезде бәрі телефон қоңырауына немесе жол бұрушылардың жұмысына байланысты болған. Бір ғана қарапайым қимылды жасап, сілтеменің құлағын қозғаса болғаны, ұзын вагондар құрамы мүлде басқа жаққа кетеді. Бұл мені үнемі қатты таңқалдыратын.

Біздің басымыздан өтетін көптеген жағдайлар өз шешімдерімізге байланысты. Кей шешімдер мүлде маңызды емес болып көрінеді. Алайда жиі олардың салдары ұзақ уақытқа созылып жатады. Мысалы, саған темекі шегуді ұсынды делік. Бір жағынан өзіңді ересек адамдай ұстап, басқалардың алдында әлсіз болып көрінгің келмейді. Екінші жағынан мұның денсаулыққа зиян екенін және адамды тәуелді ететінін білесің. Сондықтан әлжуаздық танытып, достарыңның ықпалына түскеннен гөрі бұдан бас тартқан жөн. Ішімдікке немесе дәл сол сияқты қауіпті басқа нәрселерге де қатысты солай. Одан да бірден «жоқ» деген абзал.

Ал кейде, әрісесе, Құдайға құлшылық ету жиындарында немесе әкең не анаң Киелі кітап әңгімелерін, болмаса қызықты бірдеңені баяндап отырғанда, Құдайдан кешірім сұрағың келеді. Тіпті, Оған бүкіл өміріңді арнағың келеді. Ешқандай ерекшелігі жоқ үйреншікті кештердің бірі дерсің. Десе де, шешімді жасайтын сенсің, ал егер сондай шешім қабылдасаң, ол, тіпті, мәңгілікте те маңызды болады. Исаның Өзі Оны қабылдаған адам мәңгілік өмірге ие болады және оған үкім шығарылмайды деген болатын.

Бұл дәл Киелі кітаптағы Рут пен Орпа туралы оқиғадағыдай. Рут Құдай халқымен бірге өмір сүріп, Оған тиесілі болғысы келді. Руттың оқиғасы немен аяқталғаны есіңде ме? Рут Боғозға күйеуге шықты. Олардың Ғабит есімді ұлдары дүниеге келді. Міне, қуаныш деп осыны айт! Ғабит ержеткенде, одан Есей есімді ұл туды. Ал Есейден Дәуіт туды. Құдай Дәуіттің ұрпағынан Құтқарушы туады деп оған уәде етті. Ол уәдесінде тұрды. Сол Құтқарушы – Иса Мәсіх.

Өміріңді Құдайға арнауға шешім қабылдасаң, сенің өмірің де мән-мағынаға ие болады.

Әнуар САРБАЕВ

Жүрегіңді Құдайға бер

*Құдайға бер жүректі,
Толығымен берсеңші.
Шаттанып, мадақтап,
Алдына келсеңші.*

*Құдайға бер сезімді,
Еш күмән болмасын,
Жұмақтан орнығып,
Жаратқан қолдасын.*

*Құдайға бер бәрін,
Берілсін ой, санаң.
Нық тірі сеніммен,
Алдыға бас қадам.*

Автор белгісіз


Сенеміз

*Кішкентай болсақ та,
Исаға қызымет етеміз.
Шын жүректен сүйіп,
Көке бірге жетеміз.*

*Кездестіреміз өмірде,
Кейде зұлым адамды.
Құдай жоқ деп айтар,
Уландырып санаңды.*

*Бірақта нық сеніңіз,
Құдайдың әр сөзіне.
Балаларды шақырды,
Көктегі үйіне, Өзіне.*

Суретін салған Татьяна КОСТЕЦКАЯ



Ғолиятты жеңу

Нағима БЕРМАҒАМБЕТ

Самат Дәуіт пен Ғолият туралы оқиғаны оқып отыр. Міне, қызық! Жас бақташы бір ғана таспен алып батырды өлтірді. Кішкентай бала бұлшық етпен және темірмен қапталған алпауытқа қарсы. Ол мұны жалғыз өзі, Құдайдың көмегінсіз істемегені түсінікті. Бірақ Дәуіт қорыққан жоқ...

– Әке, – деді Самат бөлмеге кірген әкесіне, – Дәуіт ерекше болған шығар, ә? Құдай мұндай батылдықты тек қана соған дарытқан.

Әкесі күлімсіреді.

– Жоқ, шынымен, әке! Мысалы, мен Исаға сенсем де, көрші үйдің Ұр тоқпағы – Серіктен қорқамын. Ол бәрін сабайды...

– Ол бәрін ұра ма сонда?

– Білмеймін. Ол біртүрлі ашушаң. Біз осында көшіп келгелі бері (екінші ай) балалардың бәрінен оның өте күшті екенін, жұдырығының ірі екенін әрі бәрін ұрататынын естіп жүрмін.

– Өзінен қорқатындарды ұра ма?

Самат бір күрсініп, басын төмен түсірді. Әкесі баласын шашынан сипап, ашық тұрған Киелі кітапқа қарады. Онда Дәуіттің жеңіске жетіп, Құдайды мадақтағаны туралы жазылған бет ашылып тұр екен.

– Мен саған бір құпияны түсіндіріп бере алатын сияқтымын. Сен осы үзіндіні оқығанда өзіңді Дәуітпін деп елестетіп, Ғолиятты «халық әртісі әрі атлеті» Ұр тоқпақ Серік деп елестеттің-ау деймін.

– Оны қайдан біліп қойдың, әке?

– Оп-оңай. Мұнда бір ерекше даналық жоқ. Бірақ сен рөлдерді дұрыс бөлмегенсің. Ғолият деген Серік емес, сенің өз қорқынышың.

– Ол кім болғаны сонда? – деп таңданды Самат. Әкесі бөлмені бір айналып өтіп:

– Қарашы, Серік өзгеріп, жақсы бала болып шыға келді делік. Ал сенің қорқынышың бойыңда қала береді. Одан соң басқа бір мықты бала келеді. Мысалы, Қопарғыш Қанат делік, ал сен бұрын Ұр тоқпақ Серіктен қалай қорықсаң, енді Қопарғыш Қанаттан да солай қорқатын боласың. Түсіндің бе? – деді.

– Иә, түсіндім. Бірақ... Серік қалай өзгере алады? Елдің бәрі ол еш түзелмейді дейді.

– Сен Исаның кез келген адамды өзгерте алатынын ұмытып қалдың ба? Серікке Құдай туралы айтып бер.

– Жоқ! – Саматтың көзі қорқынышқа толды. – Мен балаларға Құдай туралы айтқанымда, олар мені «тақуа», «әулие» деп мазақтайтын болды. Ал Серікке айтсам, ол ұрып тастайды ғой.

Әкесі жауап берудің орнына Киелі кітапты қолына алып, біраз ақтарған соң, мынаны оқыды:

– «Жаратқан — нұрым менің, құтқарушым да, кімнен мен қорқамын солай болғанда? Жаратқан — өмірімнің берік қорғаны да, кімнен үрейленемін солай болғанда?». Ол бала Құдайдың сүйіспеншілігіне мұқтаж, ол жақсылықтан сондай болған жоқ.

Осы сәтте даладан айқай-шу естілді. Самат пен әкесі терезеден қарады. Ауланың ортасында таяққа сүйенген Серікті оншақты бала қоршап алыпты.

– Не болып жатыр? – деп сұрады әкесі Серіктен.

– Балалар Серіктің күш көрсетуінен жалықты. Олар оны жабылып ұрып тастамақ. Мен оларға қосылудан бас тарттым, енді менімен ешкім сөйлеспейді. Ой, әке, ананы қарашы!

Серік ерегесе күліп, қолындағы таяқты көтерді де:


– Кәне, шымшықтар, кетіңдер бәрің! – деп дауыстады.

«Шымшықтар» жел ұшырған қаңбақтай бір мезетте біраз жерге қашып барып тоқтады. Олар Серікпен еміс-еміс сөз таластыруда.

– Ал, күш таластырғыларың келіп тұр ма? – деп келемеждеді Серік. – Онда кезек-кезек келіңдер. Кім бірінші?

Ниет білдірушілер табылмады. Кенет Самат сыртқа қарай жүгіре жөнелді. Әкесі:





– Балам, қайда барасың? – деп айқайлады оның артынан. Бала тоқтады да, әкесіне бұрылып, сабырлы қалыппен:

– Мен Ғолиятты жеңгім келеді! – деді.

Сөйтіп, ол аулаға жүгіріп шықты. Серікке жақындаған сайын оның қадамдары баяулай берді. Ақыры өзіне жақындап келе жатқан арықша баланы Серік те байқады. Ол бірдеңеден үріккендей болды. Оны үркіткен нәрсе әдеттен тыс әрі таңқаларлық еді. Самат Серікке қарай қорыққаннан дірілдемей, сабырлы кейіппен жақындап келе жатты. Таңданған Серік қастарын көтеріп:

– Сен не, менен қорықпайсың ба? – деп сұрады.

– Жоқ, - деп күлімдеді Самат.

– Мүмкін сен каратэмен айналысатын шығарсың, сол себепті менімен күресуге келдің бе?

– Жоқ, мен сенімен төбелескім келмейді, – деді Серік, – мен төбелесе алмаймын да.

– Мүмкін сен менің кім екенімді білмейтін шығарсың? Мен мақтауға лайықпын! Мен осы қаланың найзағайымын, ең батылы, ең күштісі де менмін! Бәрі менен қорқады, менімен теңесетін ешкім жоқ.

– Мен сенің кім екеніңді білемін, Серік. Сен аяушылық пен жанашырлыққа лайықсың. Сен біздің қаламыздағы ең жалғыз әрі ең бақытсыз баласың. Бәрі сенен қорқады, сенің достарың жоқ. Бір кезде сені біреу ренжіткен болар, ал сен жақын дос тауып, оған ашылудың орнына бәрін өзіңнен кері итердің, сондықтан жағдайың одан да нашарлап кетті. Сенің қайсарлығың өзіңді қуантпайды ғой.

– Сен мұның бәрін қайдан білесің? Саған кім айтты? – деп ашулана жауап берді Серік.

– Саған Оның кім екенін айта аламын, – деді Самат.

– Кім?



– Сені қатты жақсы көретін Біреу.

Серіктің жұдырығы қатуланып, көздері ашулана сығырайып, былай деп дауыстап жіберді:

– Өтірік! Мені ешкім жақсы көрмейді. Мені бәрі жек көреді. Өгей шешем де, көршілерім де, балалар да. Әкем де мені жек көретін, мас болғанда ұратын. Ол мені жақсы көрем деп айтатын. Бірақ бір күні мені жалғыз қалдырып, өліп қалды. Ал маған өтірік айтып тұрғаның үшін мен сені қазір сабап тастаймын!

Бірақ ол Саматқа қарай бірде-бір қадам жасай алмады. Өйткені ол Серіктен қорықпай, сабырмен, балалық мейіріммен қарап тұрды. Серіктің жұдырығы өз-өзінен жазылып қалды.

Сонда Самат ақырын әрі анық үнмен:


– Иса сені жақсы көреді, мен де сені жақсы көремін, сонда біз біреу емес, екеу болдық... – деді.

Бұл Серіктің шамасынан тыс болды. Одан да Саматтың оны ұрып жібергені не ұрсып тастағаны жеңіл тиер еді. Оның тамағына өксіп тығылып, мұрны дірілдеп, көздері жасқа толып кетті. Ол кері бұрылды да, қаша жөнелді.

Самат оны тақтайлар төселген, шаң-шаң сарайдан тауып алды. Әдетте Серік сол жерде төбеге ілінген бокс тұлыбын қол-аяғымен соққылап жаттығатын. Ол бір қораптың үстінде отыр екен. Түрі өте шаршаңқы. Самат Серікке жақындап барып, тура көзіне қарап тұрып:

– Жүр, біздің үйге барайық, менің саған айтарым көп, – деді.

Серік сәл ойланып отырды да, бір күрсініп, жұдырығымен кіркір бетін жұған жасын сүртті де, Саматқа қолын созды.




Суретін салған Елена МИХАЙЛОВА-РОДИНА



Өлеңді оқы


Әріптерді бос торшаларға жазып шық, сонда сен қорқыныштарыңнан арылуға көмектесетін киелі кітаптағы сөздерді оқи аласың?

Құрастырған Нағима БЕРМАҒАМБЕТ



КИЕЛІ КІТАПҚА САЯХАТ

Құрастырған Анар СӘРСЕНБАЙ





Тігінен:

- Құдай орасан зор даналықты қай патшаға дарытқан? (ЗПат 4:30-33).
- Иса шәкірттерімен Иерихон қаласына жеткенде кімді кездестіріп, сауықтырды? (Мар 10:46-52).
- Төрт ізгі хабардың авторларының бірі.
- Шомылдырушы Жақияның әкесінің есімі (Лұқ 3:2).
- Мұсаның ізбасары (Рул 27:12-23).
- Жақыпты семсермен шауып өлтіруге бұйрық берген патша (Елш 12:1).

Көлденеңінен:

- Құдайдың мейіріміне реніш білдірген? (Жүн 4:1-2).
- Мәриям мен Мартаның бауыры (Жох 11:1-3).
- Емен ағашының маңында патша болып тағайындалған кім? (Би 9:6).
- Жаратқан Ие түнде ғибадатханада кімнің атын атап шақырды? (1Пат 3:1-8).
- Исаға сатқындық жасаған (Жох 18:1-8).
- Топан су қай тауда кеме тоқтады (Жар 8:4).
- Исаны көру үшін ағаштың басына шығып алған кім? (Лұқ 19:2-4)

Суретін салған Лариса ГОРОШКО



Көпшілік бір түннің ішінде 76 метрге дейін жерді қаза алатынын, сен білесің бе?




Өзіңді тексер

Әр айтылған Киелі кітаптық кейіпкерлердің өмірбаяндарында қандай жануарлар кездеседі? Әр адамның есімі мен керекті жануарларды сызық арқылы қосып шық.

1	Балағам	қой
2	Даниял	кіт
3	Дәуіт	көгершін
4	Еліше	түлкі
5	Ілияс	жылан
6	Жақия	аю
7	Жүніс	арыстан
8	Нұх	есек
9	Пауыл	қарға
10	Самсон	шегіртке

Бұл жерде Киелі кітаптағы қандай тарих көрсетілген? Қанекей, сенде суретті қаламсаппен тоқтамай қағазға салып көрші.

Тауып көр!



Суретін салған Эмма НИКЕЛЬ



Петер МАТИН


Патшалықтардың үшінші кітабы. 4-10-тараулар
(Мәсіхтің туылуына дейінгі 970-930 жж.)

Сүлеймен патшаның Тұсындағы Иерусалим

Құрбандыққа шалынатын малды сойып, өртеп жіберетін. Құрбандық орнын тап.



Діни қызметкерлер өз міндеттеріне кіріспес бұрын жуынатын. Мыс қол жуғышты тап.




Ғибадатхананың кіре берісіндегі 2 мың бағананы көріп тұрсың ба? Сол жағындағысы Жахин, ал оң жағындағысы Боғоз деп аталады.



Ғибадатханадағы көптеген салтанатты мейрамдарда әуен ойналатын. Музыканттар тобын іздеп тап.

Дәуіт өз патшалығын әскери жорықтармен нығайтты. Бұл оның ұлы Сүлейменнің қуатты әрі бай билеуші болуына септігін тигізді.

Сүлеймен Дәуіт патшаның астанасы Иерусалимді қайта тұрғызды: оны бекіністен сәулетті ғибадатханасы мен салтанатты сарайы бар қалаға айналдырды.



Суреттің салған Петер КЕНТ

Қол жуғыштар қойылған 10 тіреуішті таба аласың ба?



Сәба патшайымы Сүлейменнің шынымен ел айтатындай дана екендігіне көз жеткізу үшін алыс жол жүрді. Оны көріп тұрсың ба?




Сүлеймен патша ғибадатхананы қай жерден бақылайды?



Сүлеймен ғибадатханаға арнап 10 алтын шам жасауды бұйырды. Қаншауын таба аласың? Сүлеймен патша ғибадатхананы қай жерден бақылайды?



Он өсиет жазылған тас тақташалар истраилдіктер үшін қасиетті болатын. Олар алтыннан жасалған келісім сандығында сақталатын. Оны көріп тұрсың ба?



Теңіздің арғы бетінен жеткен ханшайымның келу құрметіне орай салтанатты мереке ұйымдастырылған. Бұзау сойып жатқан аспаздарды тап.



Сүлеймен ірі саудамен айналысқан, ол экзотикалық жануарларды да сатып алатын. Үш павианды тап.



Төбелердегі қалқалар күннен қорғайды. 10 қалқаны тап.



Ғибадатханадан қанша қойма көріп тұрсың?



5 анар ағашын тап.



Сүлейменнің әйелдері мен балалары көп болған. Суда жүзіп жүрген балаларды тап.



Сүлейменнің қуатты билеуші екендігін дәлелдейтін жылқылары мен күймелері көп болған. Сүлейменнің күймесін тап.



Сүлеймен порттық қала Тирден самырсын ағаштарын сатып алатын. Бөрене тиелген арбаны тап.



Жабаев Жамбыл

1846–1945

Жабаев Жамбыл (1846-1945) – қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы.

Балалық шағы

Туған жері – Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегі. Шыққан тегі – Ұлы жүз Шапырашты тайпасының ішіндегі Екей руы.

Жамбылдың өсіп-өнген топырағында ән-күй, ақындық – жыраулық өнер айрықша биікке көтерілген. М.

Әуезовтың «қазақ халқында ерекше дамыған айтыс өнері XIX ғасырдан бергі жерде өзге жерлерде саябырсып, Жетісу, оңтүстік өлкелерінде шоғырлана бастайды» деуінде үлкен тарихи себеп бар. Біріншіден, Қазақстанның өзге өңірлерін ертерек

шарпыған отаршылдық ел ішінің дәстүрлі қалпына өктемдігін жүргізіп, шырқын бұзып үлгергенде, Жетісу алабы әзірше қағаберісте еді. Екіншіден, бұл өңірдің ертеден тамырын тереңге жайған өнерпаздық дәстүрі шын мәнінде XIX ғасырдан бергі жерде айрықша биік өреге көтеріліп еді. Осы кезеңде Жетісуға сонау Арқадан Абайдың келуі, Біржан, Шашубай, балуан Шолақ сияқты дауылпаз әнші-ақындардың келуі, Таластан



*Бата берген Сүйінбай,
Жырдың тіккен туындай.
Айттың маған ақылды,
Жырла деген батырды,
Есімде мәңгі сол қалған,
Ақындардың ақыны,
Айдын көлдей ақылы,
Жыр тұлпары Сүйінбай,
Осылай айтқан бағызы.*

Жамбыл

– Жалайыр Түбектің келуі, оңтүстіктен – Майкөт пен Майлықожаның келуі, Атыраудан – Құрманғазының келуі, сөз жоқ, ең алдымен олардың алыстан жаңғырығы жеткен ұлы өнер мектебіне деген ұмтылыстарына байланысты еді.

Жазушылық өнерінің басы

Осындай өнер бесігінде тербеліп өскен Жамбылдың ақындық дарыны жас кезінен ақ таныла бастаған. Ол бозбала шағының өзінде ақ өскен ортасын ән мен жырға кенелтіп, тіптен көршілес қырғыз еліне де даңқы жайылып үлгерген. Осы кезде өрттей жалындап, жұрт аузына іліккен жас Жамбыл Жетісудың



дүлдүл ақыны Сүйінбайға жолығып, оның арқалы өнеріне құныға ден қойып батасын алады. Мұнан әрі жал – құйрығы сүзілген жүйріктей арындап, сол кездегі Айкүміс, Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағанбет, Шашубай, Құланиян Құлманбет сияқты ақындықтың жылжыған жорға, жылмиған жүйріктерімен айтысқа түскен Жамбыл ұдайы шоқтығын асырып отырған. Бұлар ғана емес қырғыздың Балық, Тыныбек, Қалығұл, Найманбай, Қатаған, Арыстанбек, Сағымбек сияқты ақын-жырау, манасшылармен өнер өрелестіріп, қырғыздың көл-көсір поэзиясынан тағылым алады, ақындық өнерін одан әрі шыңдай түседі. Жамбыл енді ақындық суырыпсалмалық өнеріне қоса «Көрғұлы», «Шаһмардан» сияқты жыр-дастандарды апталап-айлап жырлап, ақындық жыраулық өнерін соны қырымен таныта бастайды.

Жамбылдың ақын-жырау ретінде қалыптаса бастаған кезі Ресей отаршылдары – бір жағынан, Қоқан хандығы – екінші жағынан, жергілікті жандайшаптар – үшінші жағынан қазақ халқын әлеуметтік саяси қыспаққа алған шақ еді. Жаны сергек, санасы өрелі Жамбыл өзінің «Шағым», «Жылқышы», «Шәбденге», «Сәт сайланарда», «Өстепкеде», «Патша әмәратарылды», «Зілді бұйрық» сияқты өлеңдерінде елдің әлеуметтік саяси өмірін ақындық шыншылдықпен, азаматтық жауапкершілікпен бедерлейді. Жамбыл Қазан төңкерісінен кейінгі елдің саяси-әлеуметтік өміріндегі тарихи өзгерістерге үлкен үмітпен ден қояды. Оның «Туған елім» атты толғауы 1936 жылы жарық көріп, одан соң орыс тіліне аударылған нұсқасы «Правда» газетінде жарияланып, қарт ақынның даңқы бүкіл әлемге жайылды. Халқына қадірі артып, даңқы өрлеген Жамбыл,

шабыт тұғырына қонған Алатаудың ақ иық қыранындай, жыр нәсерін селдетеді. Оның 1936-1945 жылдар аралығында шығарған жырлары 13 мың тармақтан асады екен. Ол ел өміріндегі табыс пен жаңғыруларды, жеңіс пен ерлік істерді ерекше шабытпен жырлайды. Шағын жыр-толғаулар ғана емес, оның қарт көкірегінен «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сияқты эпикалық туындылар қайта жаңғырып ақтарылады.

Әдеби мұра

Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл көзінің тірісінде ақ КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алып, өзінің де, халқының да даңқын дүйім дүниеге паш етті. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлғасы екенін әйгі етті.

1945 жылы 22 маусымда Жамбыл дүние салды.

1946 жылы ақпанда Қазақстан жұртшылығы ақынның жүз жылдығын салтанатпен атап өтті. Мерей тойына қарай ақынның таңдамалы шығармаларының академиялық жинағы орыс және қазақ тілінде басылып шықты. Жамбыл Жабаев Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Естер Нұрғали



ҚАРА-АЛА ЕСЕК

Полат АЙТ



Суретін салған Екатерина ПРАВДОХИНА

– Дауди, – деді Тали, – біз не істерімізді білмей отырмыз. Маңайдағы адамдардың бәріне екпе жасату керектігін айтып жатырмыз. Көпшілігі «келетін шығармыз» деп жауап береді...

– Бірақ, – деп қосты Кали, – маңызды істерді үнемі ертеңге қалдыратындары да бар. Олар бір шешімге келе алмай жүр...

– Мен оларға ақырында не болатынын білемін, – деді дәрігердің көмекшісі Дауди көңілсіз. – Ол туралы бүгін кешке сөйлесеміз.

Сол кеште Гүлу мен Лисо баобабқа дейін мойынсұнғыш есекке мініп жетті. Дауди балаларға есектен түсуге көмектескенде, жануар кенет басын көтеріп, шыңғырып жіберді.

– Охо! – деп күліп жіберді Тембо. – Ол зебра секілді шыңғырады екен!

– Әрине, – деп келісті Дауди, – олар жақын туысқандар ғой. Сендер зебраның қалай қараала болғаны туралы ертегіні әлі естімеп пе едіңдер? Бұл ертеде пайда болған ертегі.



Кішкентай есек Пунда көңілсіз еді. Оның жүні ұсқынсыз қара түсті болатын. Ол баобабтың саясына жиналған басқа жануарларға қызғанышпен қарады.



«Мына сенің жолың болғыш екенсің, Твига, – деді есек жирафқа. – Сенің жүнің алтын түстес, қара дақтарың бар. Осы түріңде күннің сәулесі мен тікенді бұтаның көлеңкесіне



ұқсайсың. Ал менің жүнім жай ғана қара. Арыстанға қарашы! Оның жүні дала шөбіндей алтын-қоңыр түстес. Ал кішкентай бөкеннің қоңыр түсі



сондай сәнді! Ал мен жай ғана қарамын!» Есек терең күрсінді де, ірі тістерін көрсетті. Судан басын ғана шығарып қатқан су сиыры Буху селк етті.



«Тістерің қандай еді, Пунда! – деді Буху. – Оларды көргенде денем суып кетті. Қара теріңнің несі ұнамайды? Меніңше, өте қолайлы түс, тез кір жұқпайды».




Буху күлкіге ұқсас біртүрлі дыбыс шығарды. Мұны күтпеген бөкен Дик-Дик құлап қала жаздады. Ал есек Пунда құлақтары мен құйрығын басып алып, әлі наразы кейіпте тұр.



Ол өзінің қандай бақытсыз екенін бәріне көрсеткісі келді: «И-а! Сендер менің әдемі түсті болғым келгеніне таңданасыңдар ма? Мен мұны қатты қалаймын...» Су сиыры Буху мұрнынан көпіршік шығарды.



менің әпкемді есек тістеп алған. Бұл сондай жаман екен...» Есек аяғымен жерді теуіп қалды: «Сонымен, үңгір қайда?» – «Ол қараңғы әрі сасық... Әпкем солай деген, бірақ мен мұның



«Хмм, менің әпкем тауда бір үңгір бар екенін айтқан, осындай жағдайда сонда барып, жүнің түсін өзгертіп алуға болады екен». Есек құлағын көтерді: «Онда түсіңді өзгертуге бола ма екен?»



шын екеніне сенімді емеспін...» Есек сонда баруға дайын тұр. Бірақ Буху: «Әпкем сарқыраманың жанындағы жартастағы тесік арқылы өтіп, үңгірдің түбіне дейін, жарық



Буху ойға шомып, су астындағы өсімдікті шайнап тұр. Есек тістерін ақситып, сес көрсетті де, былай деді: «Егер үңгірдің қайда екенін айтпасаң, мен сені теуіп жіберемін!» Буху басын шайқады: «Олай етпе. Бірде



кішірейіп-кішірейіп қоңыз сияқты болып қалғанша жүре беру керек деп айтқан. Содан соң айқай салу керек. Бірақ ондағы жаңғырық өте қатты шығады,



Пунда. Мен сенің орнында болсам...» – «Ол не деді, Буху? Не? Не істеу керек?» – «Иә, сен тілеуіңді айтуың керек...» «Қандай тілеу?» – деп шыдамсызданды есек. Буху ойланып қалды:



«Сен қара емес, қандай болғың келетінін айтуың керек...» Бірақ Пунда аяғына дейін тыңдамай, кетіп қалды. Ол тек өзінің тілеуі туралы ғана ойлады. Есек қолтырауынды байқамастан



көлдің жанынан өтіп кетті. Қорқақасқыр Мбизи мен шибөрі Слинкиге мән берместен, тау бөктеріне көтерілді. Сарқырамаға жеткенде үңгірге кіретін жолды іздеп біраз кідірді. Тесікті көргенде,



бірден басын тықты. «И-а!» – деп шыңғырып еді, жаңғырықты естіді. Бір қап-қара нәрсе бетіне тиді. Пунда артқа ыршып түсті. Бірақ оның жарғанат екенін көріп,



көңілі сабасына түсті. Әйтпесе, қорыққаннан іші ауырып кетіп еді. Ол ақырын-ақырын үңгірге кірді де, кіретін тесік көрінбей қалғанша жүре берді.



Пунда әрең тыныстап, жылдам-жылдам: «Өтінемін, ақ болғым келеді», – деді. – «Ақ... ақ... ақ...» – деді жаңғырық. Сенімдірек болу үшін ол тағы бір рет дауыстап айтты.



Бұл жолы да жаңғырық: «Ақ... ақ... ақ...» – деді. Пунда қайтадан сыртқа шығуға асықты. Ол шығар тесікке жақындаған сайын, жүрегі қатты-қатты соқты. «Мен ақ болар ма екем?» – деп



ойлады есек. Ол шығар жерге жақындаған сайын жарық ұлғая берді, ал сыртқа шыққанда күн көзінің жарығына шыдамай түшкіріп жіберді. Ол аяқтарына: алдымен сол аяғына,



содан соң оң аяғына қарады. Олар ақ болып кетіпті! Есек кері бұрылды. Құйрығы да ақ! Есектің арманы орындалды. Ол енді ақ болды. Пунда қуанғаннан: «И-а!» – деп шыңғырып жіберді. Ол қуаныштан



келмей ме? Мен саған көмектесе аламын, хм...» Пунда жеңілдеп қалғандай болды. Ол кірден тазару үшін құмға аунай бастады. Бұл аздап көмектесті, бірақ



кір дақтар әлі де кетер емес. Бұху есекті сыртынан бақылап тұр. «Кірді сумен жуып кетірсең қайтеді? Әдетте...» Алайда Пунда оны тыңдап болмай жатып өзенге барып, суға



түсіп кетті. Судан шыққан соң, жақсылап сілкінді. Оның жанынан ұшып бара жатқан лашын: «Кір басқан есек!» – деп дауыстады. Қорқау қасқыр оның



бал-бұл жайнап, джунглиге оралды. Ол енді ақ әрі жылтыр! Пунда өзінің бейнесін көру үшін өзен жағасына келіп тоқтады. «Хм, демек, сол жерге бардың ғой?» – деп сұрады Бұху. «Иә», – деп



мақтана жауап берді Пунда. Кенет шибөрі әңгімеге араласты: «Мынаны қараңдар! Ақ есек! Бұл бір қалжың болар!» Пунда өзінің бейнесіне таңдана қарап тұр. Көріп тұрғаны оны қатты



қуантты. Бірақ кенет қолтырауынның даусы естілді: «Сен жөнсіз нәрсе істедің! Саған қара болған көбірек жарасатын». Пунда айтылған ескертулерге мән берместен, өзін тамашалап тұр. Осы




сөзін жаңғырық сияқты қағып алып: «Кір басқан есек!» – деп қайталады. Шибөрі де: «Ал бұрын кірің көрінбейтін еді, қожалақ», – деді қатулана.



Дик-Дик есекке жақындап, қолдау көрсетпек болып: «Уайымдама, Пунда! Кірді жуып кетіруге болады», – деді. Бірақ есек дел-сал кейіпте тұрғандықтан, қолдау сөздеріне мән




бермеді. Бөкен оны бастан-аяқ қарап шығып: «Меніңше, мына түс саған әбден жарасып тұрған сияқты. Маған ұнайды!» – деді. Пунда оның сөзін



сәтте бұталардың арасынан қорқау қасқыр шықты. Бүкіл Джунгли күле бастады: «Ха-ха-ха! Сен неткен ақымақ едің!» «Өтірік, – деп қарсылық білдірді



бөкен Дик-Дик, сен өте әдемісің, Пунда!» Бұху ақырын судан көтерілді: «Хм, менің ойымша, мына түрің жаман емес». Бұху байқаусызда шалшықты



басып кетіп, жанында тұрған есекке балшық шашып, оны басынан-аяғына дейін былғап тастады. Ол есекке қарап: «Хм, ақ түс сен үшін қолайсыз-ау.



тыңдамастан, қайтадан үңгірге келді. «Мен бұдан ештеңе шықпайтынын ойлауым керек еді... Бұл үңгірге келудің қажеті жоқ еді». Дик-Дик үндемей оның соңынан еріп келеді.



Пунда сәл кідіріп, оған мұңлы көзбен қарады: «Не істеуім керектігін білсем ғой...» – «Менімен жүр, – деп есекті үгіттеді бөкен. – Сен сондай әдемісің!»




Пунда шешім қабылдай алмай тұр. Есек арт жақтан шибөрінің күлкісін естіді. Пунда кір-кір аяқтарына бір қарап, алға қарай жүріп кетті. Дик-Дик ақ түстің әдемі екенін айтып,



Енді кірдің үстіңнен қалай көрініп тұрғанын қарашы». Пунда ойланып қалды. Ол не істерін білмеді. Есек жақсылап ойлану үшін кері бұрылып, орманға кетіп қалды. Ол



қорқау қасқыр Мбизидің соңынан: «Ал енді аяқтарың үнемі кір болып жүреді», – дегенін естіді. Пунда аяқтарына қарады. Олар кірден сұрланып кетіпті. Ол ойланып,



ағаштың көлеңкесіне келіп тоқтады: «Бұрынғыдай болған жақсырақ па еді?» Осы сәтте оның жанына су сиыры Бұху келді: «Сен жүніңді тазалағың



оны көндіруге тырысып, есектің артынан қалмады. Бірақ ешқандай үгіттеуге қарамастан, есек тұяғының дыбысы тоқтаған жоқ. Олар үңгірге жақындағанда, бөкен



есекті кіргізбеуге тырысты. Пунда Дик-Дикті ақырын шетке итеріп тастап, ішке кірді. Ондағы қараңғылық сондай қорқынышты. Ол ақ болып қалу үшін айтылған



дәлелдердің аз екендігі туралы ойлады. Пунда үңгірдің түбіне қарай жүре берді. Айналасының бәрі қап-қараңғы. «Қара!» – деп күбірледі



есек. «Қара... қара.. қара...» – деп қайталады жаңғырық. Сонда Пунда қатты да анық етіп дауыстады: «Қара болғым келеді!» Жаңғырық тағы қайталады: «Қара... қара... қара...» Осы сөзді естіп



тұрғанда да Пунда өзінің ақ болғысы келетінін білді. Ол үңгірден шығатын жерге келді. Сыртта күн жарқырап, сәулесі көз шағылыстырып тұр. Пунда алдыңғы аяқтарына қарады. Олар қара.



Құйрығы да қара. Дик-Дик есекке таңдана қарады. Күн баяу батып бара жатыр. Пунда отыра кетіп, бейшара кейіппен: «И-а» - деп ыңқылдады. Ол шынымен нені қалайтынын білмеді.



Күндер күндерге жалғасып өтіп жатыр. Джунглиде бәрі есекті әңгіме етіп жүр. Біреулер қарадан гөрі ақ жақсы деді. Басқалары ақты көбірек ұнатты. Пунда әрқайсысының ойын білгісі келді.



Бірақ ол басқалардан неғұрлым көбірек сұраған сайын, өзінің нені қалайтынын түсіну соғұрлым қиындай түсті. Пунданың әбден салы суға кетіп, бір күні не істерін білмей, джунглиді аралап жүгірді.



Кенет ол сол үңгірдің жанына келіп қалғанын аңғарды. Ол үңгірге қайта кіріп, іштегі дүрсілге мән берместен, бар дауысымен: «Қара болғым келеді! Жоқ, ақ болғым келеді!» – деп айқайлады.



«Қара – ақ... қара – ақ... қара – ақ...» – деп жауап берді жаңғырық. Қатты гүрсіл естілді. Есектің алдына үлкен тас келіп құлады. Бір кішірек тас оның жотасына түсті. Пунда кері бұрылды да, бар күшімен



сыртқа қарай жүгірді. Ол сыртқа шыққанда жартастың қозғалып, ірі тастардың құлап жатқанын естіді. Есек алаңқайға жүгіріп шықты, ал үңгір құлап, оған кірер жол мәңгілікке бітеліп қалды. Үңгірден біраз алыстаған соң



Пунда тоқтап, өзіне қарады. Алдымен бір аяғына, содан соң екінші аяғына. Ол қатты үрейленіп, құйрығына қарады. «Жо-жоқ! Мүмкін емес! – деп күбірледі Пунда. – Мен қара-ала болып шықтым ғой!»

Элизабет қолын шапалақтады:

- Ол бір шешімге келе алмағандықтан, зебраға айналды!
- Бұл ертегіде ғана солай. Шын мәнінде зебраны қара-ала етіп жаратқан – Құдай, – деді Дауди. – Бірақ естеріңде болсын: бұл оқиғада әйтеуір бір сәтте шешімнің қабылданғаны туралы айтылады. Ол шешімді Пунда енді өзгерте алмайды. Оның басқа амалы жоқ. Сондықтан келесі жолы зебраны көргенде, қара-ала есек туралы ертегіні естеріңде түсіріңдер және Құдай Сөзі туралы ойланьңдар. Егер кімде-кім Мәсіхті жүрегіне қабылдауға шешім қабылдай алмай жүрсе, немесе мына дүниеге де, Мәсіхке де ұқсағысы келсе, сол зебра сияқты.

Пайдалы кеңес:

Мәсіхтің соңынан еруге шешім қабылда және шешіміңе берік бол.

Суретін салған
Екатерина ПРАВДОХИНА

Қолөнер

ЫАЫСТАҒЫ ГҰЛ



Құрастырған Балнұр НАРИМАН



1. Жұмыс үшін қызғылт және сары түсті фом матасы, бір қолдануға арналған ыдыс, пенопласт, тоқыма жіп, кендіржіп, лента, моншақтар, көбелек, жасыл қағаз, таяқша (алдын-ала жасыл түске боялған), желім, қайшы, қарындаш.

2. Ыдыстың сыртына желім жағып, кендіржіппен орап шық.

3. Желім кеккен кезде, ыдыстың ішіне бірінші пенопластты, оның үстіне тоқыма жіпті сал.



4. Гүлдің, жапырақтың және дөңгелектің үлгісін жаса.

5. Кескіндерді қиып ал.



6. Сары дөңгелекті желімдеп, гүлдің ортасына жабыстыр, жапырақты ортасынан бүкте.

7. Таяқшаны ыдыстың ішіне сал, таяқшаға гүлді жабыстыр. Қолөнерді моншақтары бар көбелек және бантикпен әсемдеуге болады. Біздің бұйымымыз дайын!



Көкөністер патшайымы

– Анашым, қырыққабатты неліктен гүлді деп атайды?! – деп сұрады Мақпал базардағы қатар-қатар тізілген гүлді қырыққабаттардың жанынан өтіп бара жатып.

– Өйткені біз кәдімгі қырыққабаттың жапырақтарын, ал мынаның гүлдерін жейміз, – деген анасының жауабы тоғыз жасар қызды қатты таңқалдырды. – Гүлді қырыққабаттың басы – үлкен гүлшоғыр, онда екі мыңнан астам түйнек бар. Олар гүлдегенше қырыққабатты кесіп алу керек. Марк Твен оны қалай атағанын білесің бе? Колледж бітірген қырыққабат деп атаған.

Мақпал күліп жіберді, ал анасы былай деп сөзін жалғастырды:

– Енді американдықтар қай қырыққабатты университеттік білімі бар деп атайтынын тапшы.

– Білмеймін. Мүмкін, брокколи шығар.

– Жарайсың, дұрыс таптың! Бұл көкөністің жүзден астам сұрыптары бар. Олардың кейбірін осында, базарда сатады. Мысалы, брюссель, савоя, қызылқауданды қырыққабаттарды... Алайда біз үшін ең үйреншікті сұрып – ақ қауданды қырыққабат. Апельсин мен лимонда қандай дәрумендер бар болса, қырыққабатта да дәл сондай дәрумендер бар екенін білесің бе? Қазіргі кезде белгілі дәрумендердің бәрі қырыққабаттың қауданында бар. Олардың бәрі бір жыл бойы сақталады. Орыс халқының ұлттық тағамы – ашытылған қырыққабат қыс кезінде маңызды дәрумен көзі бола алады. Неміс халқының ұлттық тағамдарының арасында да ашытылған қырыққабат кеңінен тараған. Ашытылған қырыққабат «зауэркраут» деген неміс атауымен АҚШ пен Ұлыбританияда да танымал. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде адамдар неміс өнімдеріне туралы жаман пікірде болды, сондықтан американдық саудагерлер оны «бостандық қырыққабаты» деп атады.

Ал аспаздар қырыққабатты «көкөністер патшайымы» – деп бекер атамайды, өйткені одан түрлі тағамдар мен салаттар дайындауға болады. Қызықты ұлттық рецепттер бар. Мысалы, фин халқы қырыққабатты кант қосылған сүтке салып қайнатады, сонда одан дәмді ботқа шығады. Ал қытай халқы әдетте қырыққабатты шыжыған майға қуырады.

Суретін салған
Александр ВОЛОСЕНКО



Қырыққабат – шаршыгүлділер тұқымдастарына жататын екі жылдық өсімдік. Ол аса маңызды көкөніс өсімдіктерінің қатарына кіреді. Оның оралып-оралып, салмағы үш жүз грамнан төрт килограмға дейін жететін жапырақтары асқа қолданылады.

Қырыққабат

Қауданды жеміс деп есептейтіндер көп. Шындығында бұл қыстап шығуға арналған үлкен бұршік, ол келесі жылы нағыз жеміс беріп, одан ішінде бұршақтары бар бұршаққап өсіп шығады. Бұл әмбебап көкөніс әлемдегі барлық елдердің тағамдарында пайдаланылып, әр үйден маңызды орын алады.

Қырыққабат тарихынан

Қырыққабат адамзаттың көкөніс өсіру мәдениетіндегі алғашқы көкөністердің біріне жатады (Мәсіхтің туылуына дейінгі үшінші мыңжылдық). Қырыққабаттың отаны Жерорта теңізі жағалаулары болып саналады, осы аймақта әлі де оның жабайы тұқымдастары кездеседі. Қырыққабатты алғаш Пиреней жарты аралындағы ежелгі иберлер өңдей бастаған. Ол сол жерден Мысырға, Грекияға және Римге жеткен. Алдымен жабайы жапырақты қырыққабатты пайдаланған, содан соң одан бірнеше басқа сұрыптарды, соның ішінде



Ежелгі римдіктер мен гректер қырыққабатты барлық аурудан емдейтін дәрілік зат деп есептеген. Ол бас ауруын жазады, кереңдіктен арылтады және көптеген іш-құрылыс ауруларына, сонымен қатар, ұйқысыздыққа да ем болады.

Жапонияда қырыққабатты тек көкөніс ретінде ғана емес, сәндік өсімдік ретінде де бағалайды. Бақтар мен гүлзарлар күздің аяғына дейін ішкі жапырақтарын ақ немесе қызыл түсті қырыққабат суреттерімен безендіріледі.

Тавай аралдарын ашқан Джеймс Кук капитан осындай жемістікке қышқыл қырыққабаттың арқасында жеттім деп санайтын, өйткені оны жеген теңізшілер құрқұлақ ауруынан айыққан.

Балалар қырыққабаттың ішінен шысады деген қалжың Францияда пайда болған. Енді бұл қалжыңды бүкіл әлем біледі.



Шеңбердегі сөз

қауданды қырыққабатты да жасап шығарған. Иберлер оны «аши» деп атаған. «Қырыққабат» сөзі ежелгі рим тіліндегі «капутум» (бас) сөзінен шыққан. Ол уақытта қырыққабат атақты адамдардың үйлерінде тәтті тағам ретінде ұсынылатын.

II Рамзестің тұсындағы көне мысырлық дәрігерлер оны ерекше пайдалы деп санаған және балалардың тамағына қосуға кеңес берген. Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында қырыққабатты грузиндер мен оңтүстік славяндар өсіре бастаған. Бұл көкөністі кельттер мен ежелгі немістер де өңдеген. Русь жеріне қырыққабат шамамен IX ғасырда Қара теңіз жағалауында өмір сүрген гректер арқылы жеткен. XII ғасырға таман оны Киев Русінің барлық аймақтарында өсірген. Бүгінгі таңда қырыққабат Қиыр Солтүстік пен шөлді жерлерден басқа аймақтардың бәрінде өсіріледі. Субтропикті жерлерде ол тау бастарында өседі.

Эльвира ҚАНАРМАН

Шеңбердегі сөз



УӘЛИХАН Ақсезім



ТУЛЕУОВА Сара, 8 жас



Тігінен тұрған шеңберлерді толтыр, сонда жоғарғы көлденең тұрған шеңберлерде не жазылғанын біле аласың.

- 1.Өтірік сөзінің антонимі.
- 2.Арама елінің әскер қол басшысы Нағыман қандай аурумен ауырды? (4 Пат 5:1)
- 3.Лабанның кіші қызы, Жақыптың сүйікті әйелі (Жар 29:28).
- 4.Жүсіптің әйелінің есімі (Жар 41:45-46).
- 5.Жохан Иса Мәсіхтің аянын алған кезде, қай аралда тұрып жатқан еді? (Аян 1:9)
- 6.Нұхтың кемесі қай таудың үстіне тоқтады? (Жар 8:4)
- 7.Жүніс Жаратқан Иенің назарынан алыс қай жаққа қашып кетуге бел буды? (Жүн 1:3)

Құрастырған Данияр САРСЕНБАЕВ.

«Шарапатқа» Алғыс

Алғыс саған «Шарапат»,
Шын жүректен алғыс.
Әрбір салынған суретің,
Тым ыстық, әсем, таныс.

Құдайды қалай сүюді,
Үйреттің жас, кәріге.
Қол созумен келесің,
Шаршағанның бәріне.

Парақтаймын әр санын,
Әңгімелерін қалдырмай.
Тақпақтарын жатқа айтам,
Ешбір қамшы салдырмай.

Сенен сабақ алады,
Қарттар, бала бәрі де.
Жігер беріп қолдайсың,
Оқығандардың бәріне.

Алғыс саған «Шарапат»,
Көп сырларды ашасың.
Гүл салынған себеттей,
Жұпарыңды шашасың.

Алғыс Саған, Құтқарушы,
Ғажап істерді жасадың.
Мейірімді жолкөрсетуші,
Мадақтаймын, тосамын.

Жіберген Сенім ШЫНТАЙЕВА



САКЕНҰЛЫ Ыбырайым




Тулеуова Адель

Жауаптар

- 2-бет: Мысық, піл, инелік. Батылдық.
3-бет: 1. Нікедім. 2. Зақай. 3. Дәуіт Ғолиятқа қарсы шыққысы келген кезде, Саул Дәуітке айтты. 4. Рут.
16-бет: Аятты оқы: «Жаратқан – нұрым менің, Құтқарушыма» (Жыр. 26:1).
Өзіңді тексер: 1. Балағам – есек. 2. Даниял – арыстан. 3. Дәуіт – қой. 4. Еліше – аю. 5. Ілияс – қарға. 6. Жақия – шегіртке. 7. Жүніс – үлкен балық. 8. Нұх – кептер. 9. Пауыл – жылан. 10. Самсон – түлкі.
Тауып көр: Дәуіт пен Ғолияттың оқиғасы.
17-бет: Сөзжұмбақ. Көлденеңінен: 1. Жүніс. 3. Елазар. 5. Әбумәлік. 7. Самуил. 9. Яһуда. 11. Арарат. 13. Зақай. Тігінен: 2. Сүлеймен. 4. Бартімей. 6. Лұқа. 8. Зәкәрия. 10. Ешуа. 12. Агриппа.
30-бет: Тігінен: 1. Шындық. 2.Алапес. 3.Рахила. 4. Асенет. 5. Патмос. 6. Арарат. 7. Тарсис. Көлденеңінен: Шарапат.

26-27 б. арналған жауап:
7. Сүлеймен патшаның тұсындағы Иерусалим



- | | | |
|---|---|--|
| Құрбандық орны 1 | Ғибадатханадағы қоймалар 16, 17, 18, 19 | Бұзау сойып жатқан аспаздар 31 |
| Мыс қол жуғыш 2 | Анар ағаштары 20, 21, 22, 23, 24 | Келісім сандығын 32 |
| Жахин 3 | Суда жүзіп жүрген балалар 25 | Алтын шам жасау 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39 |
| Боғоз 4 | Күйме 26 | Сүлеймен патша 40 |
| Музыканттар 5 | Бөрене тиелген арба 27 | Сәба патшайымы 41 |
| Қалқалар 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 | Павиандар 28, 29, 30 | Қол жуғыштар қойылған тіреуіш 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51 |

«ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ»

ШАРАПАТ 1 /2020
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН
РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

Журнал 2005 - жылдың шілде айынан бастап шығады.

Қаңтар, 1 (85) 2020
Меншік иесі «Литера-М».
Бас редакторы: Дилманов М.Б.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 10. 10. 2009 жылы тіркеліп, есепке қою туралы №10445-ж куәлігі берілген.

Таралымы 1 500 дана
Жылына 6 рет шығады

Журнал материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты қажет.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050046 Алматы қаласы
а/ж 5, «ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ»,
«Інжілдік Мәсіхші Баптистер»
Жергілікті Діни Бірлестігі,
Нұрғиса Тілендиев к-сі, 365-ші үй.
e-mail: liokaz.mail@gmail.com
support@liokaz.org

сайт: www.liokaz.org
Тел.: +7 (727) 394 17 05

Есеп шот нөмірі:
Есеп айырысу шоты
KZ256010131000011815,
BSN 920240001521,
"ХАЛЫҚ БАНК" АҚ

"Қазақстан ГАЗ Орталығы" АҚ
баспаханасында басылды.
Жароков көшесі, 210 а

АЛАҚАЙ! БІЗДЕ БАЙҚАУ

СЫЙЛЫҚ АЛҒЫҢ КЕЛЕДІ МЕ?

Онда сен "Шарапатпен" дос бола аласың!
Сурет салғанды жақсы көресің бе?
Өзіңнің салған суретіңді "Шарапатқа" жібер.
Және суреттеріңмен бірге осы беттегі сұрақтарға жауап жаз да, оны қиып алып, хатқа салып жібер!

**Жақсы салынған суреттерді біз "Шарапаттың" соңғы бетіне шығарамыз!
Жақсы салатын суретшілерге біз сыйлық жібереміз!**



БІЗДЕН СЫЙЛЫҚ!



Біздің мекен-жайымыз:

**Алматы қаласы
Тілендиев көшесі, 365 үй.**

Аты-жөнің:

Қай қаладансың?

Шарапатты оқисың ба?

Шарапат туралы сенің пікірің:

email: liokaz.mail@gmail.com